


ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализм – саяси-зияткерлік мәдениеттің маңызды өлшемі ретінде. Эдвард Саидтің «білім» жайлы көзқарасы





Кітап: Ориентализм

Дәріс: 4. Ориентализм – саяси-зияткерлік мәдениеттің маңызды өлшемі ретінде. Эдвард Саидтің «білім» жайлы көзқарасы

Мақсаты: Э. Саидтің ориентализм теориясынан білімнің алатын орнын анықтау, автордың оған берген анықтамасын талдау.

Өткен дәрісте Э. Саидтің «Ориентализм» еңбегіндегі оның мәдениет гегемониясы жайлы көзқарасына, «мәдениет үстемдігі» ұғымына тоқталдық. Өз зерттеуін ол бұдан кейін қоғам өмірінен аса маңызды орын алатын құбылыс білім жайлы зерттеуімен жалғастырады. Білім – адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі. Бірден назар аударатын мәселе – білім туралы сөз болғанда Саид оны қоғамды дамытушы әдіс, өркендеуге апаратын жол деп қана емес, сонымен бірге білім сол қоғамды билеудің жолы, биліктің қолындағы маңызды құралы деп қарайды.

«Шығыстың Аристотелі» ғұлама Әбу Наср әл-Фараби (870–950) «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» десе, ғылым философиясында эмпиристік бағыттың негізін салушы ағылшын ойшылы Фрэнсис Бэкон (1561–1626) – ғылыми зерттеудің тәжірибеге сүйенетін әдісін ұсына келе жалпыға белгілі «Білім – күш» деген қанатты сөзді айтқан.

Ф. Бэкон білімнің күш екенін айтты, бірақ ол адамзатты бақытқа бөлейтін «жақсы күш пе әлде оған қауіпті немесе зиянды күш пе?» бұл туралы философияда талас көп.

Батыста ориентализм (шығыстану) ғылым ретінде бірден пайда болған жоқ. Батыстың Шығысты игеруі миссионерлік қозғалыстан, саяхатшылардың ол елдер жайлы жазбасынан, алдымен оның тілдері мен мәдениетін зерттеуден басталғаны тарихтан белгілі. Батыс Шығысты өз отарына айналдыру үшін, алдымен оның мәдениетін, тұрмысын, тілі мен дінін, табиғаты мен ресурстарын зерттеді, яғни Шығыс жайлы білім жинақтады. Соның арқасында оған үстемдік етудің жолдарын іздеді. Білім – Саид ұсынған ориентализм ұғымының маңызды құрамдас бөлігі.

Эдвард Саидтің білім туралы көзқарасы алдыңғы дәрісте қарастырылған мәдени үстемдік, мәдени гегемония категорияларымен өзектес. Бірден айтып кететін мәселе білім туралы сөз қозғалғанда Саид бұл сөзді барынша кең мағынада қолданатынын ескеруіміз керек. Саид білім деп мектеп пен университетте берілетін немесе кітаптағы ғана білім емес, қандай да бір оқиға, құбылыс, адам, табиғат – жалпы адамзат қоғамының дамуы жайлы білімді, мәліметті, ақпаратты айтады. Ал ол білімді тек оқу орындары ғана емес, кез келген түрде, кез келген жолмен қандай да бір мәлімет беруші субъект ұсынуы мүмкін, яғни ол педагог немесе зерттеуші ғана емес, журналист, әдебиетші, заңгер, суретші, скульптор, саяхатшы т.б. түрлі мамандық иесі бола алады. Адам білімді оқу арқылы, көру, тыңдау, сезіну, түйсіну арқылы кітаптан, дәрістен, БАҚ-тан, айналысындағы адамдардан жинақтайды, Саид Шығыс жайлы білімнің қайнар көздері мен формаларына осылардың барлығын жатқызады.

Саид білімді оның негізгі қызметіне ғана емес, оның билікпен арақатынасына сай аса маңызды орынға қояды. Білім мен биліктің қатар қарастырылуы және оның тәжірибе жүзінде қолданысы отарлық саясаттың тәжірибесінен көрінгендей, осы «білім» мен билік қатынасына қатысушылар арасында шиеліністі жағдай тудырып отырады.

Саид айтқандай, Шекспир немесе Вордсворт туралы білім саяси білім болып саналмайтынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Ал Қытай немесе Кеңес Одағы жайлы бұлай деуге болмайды, яғни оның саясатқа қатысты бар. Гуманитарлық сала маманының қызметі сол гуманитарлық саламен байланысты, яғни оның ғылыми қызметі саясатпен байланысты болуы еш мүмкін емес. Бұл терминдер мен атаулар бұл жерде өзінің негізгі мағынасында ғана қолданылып тұр. Вордсворт туралы жазатын гуманитарийдің немесе Қытай жайлы маманданған редактордың саясатқа еш қатысы жоқ дегенді ол былай деп түсіндіреді: «ол не істесе де, өзінің тура мағынасындағы шындыққа еш әсер ете алмайды. Ал бір мемлекеттің, мысалы Кеңес Одағының экономикасын зерттейтін ғалым үкіметтің мүддесін қозғайтын аса маңызды салада жұмыс істейді, ал оның ғылыми зерттеулерінің нәтижесі немесе ұсыныстар түріндегі еңбегін саясаткерлер, шенеуніктер, экономистер мен құпия қызметтердің сарапшылары қолдануы мүмкін. Гуманитарий мен саяси салдары немесе саяси маңызы бар жұмыс авторының арасындағы айырмашылық мынада деп түсіну қажет: гуманитарий жұмысының саяси қырының оның өз әріптестері арасында маңызы бар болуы мүмкін, алайда ол саясаттың өзі үшін аса маңызды емес, бірақ оның көзқарастарының идеологиялық қыры



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 4. Ориентализм – саяси-зияткерлік мәдениеттің маңызды өлшемі ретінде. Эдвард Саидтің «білім» жайлы көзқарасы

зерттеу материалынан міндетті түрде көрініс табады. Экономика, саясат және әлеуметтану қазіргі академиялық салада идеологиялық ғылымдар және сондықтан «саяси» болып табылады».

Білім мен саясат: арақатысы, ұғымы, рөлі

Саид сонымен білімді «таза» және «саяси» деп екіге бөледі. Ол «шынайы» білім үнемі саясаттан алшақ, яғни саясатпен байланысы жоқ деген пікір шындыққа жанаспайды деп санайды. Саяси билік азаматтық қоғамға, атап айтқанда білім мен ғылыми зерттеулер салаларына араласып, оған өзінің ықпалын тигізіп отыратындықтан таза білім мен саяси білім бір-бірінен ажырауы мүмкін емес деп түсіндіреді. Гуманитарлық ғылымдар саласында автордың жеке ұстанымы, көзқарасы және т.б. жекелеген мәселелердің қатысынсыз білім берілмейді дейді. Оның пікірінше, гуманитарлық білімнің барлығы автордың қолынан жасалады, адам білімді, яғни мәліметті өз мүддесіне сай береді. Білім оны ұсынған адамға тәуелді.

Бұдан шығатын қорытынды: Саидтің көзқарасы бойынша алғашқыда гуманитарлық сала ғылымы алдына «таза, шынайы» білім таратуды мақсат етіп қояды, саясатпен айналыспайды, саясатқа әсер етуді ойламайды, мақсат етіп қоймайды, себебі ол расында да өзі алған нәтиже арқылы оны өзгерте алмайды, бірақ оның жұмысының нәтижесін саясаткерлер, саяси түрлі құрылымдар өз қызметінде өз мүддесі үшін пайдаланады. Сол арқылы ол саяси мәнге ие болады.

Саид өзінің осы тұжырымын Шығысқа да қатысты қолданады; ол Шығысты зерттейтін кез келген европалық немесе америкалық – алдыңғы кезекте европалық немесе америкалық мәдениеттің өкілі, тек содан кейін барып қана жеке адам болып табылады. Тек онымен ғана тоқталмай, Саид европалық немесе америкалық болудың өзі аз нәрсе емес екенін айтады. Нақты айтқанда ол – ең алдымен Шығыстан өз мүддесін көздейтін бір алып мемлекеттің немесе биліктің өкілі, сонымен бірге ол қай елдің тұрғыны болса да, ол елдің ежелгі дәуірлерден бастап Шығыспен қарым-қатынасының өткен тарихы, тәжірибесі бар.

Бұл тұжырымды жалпылама айта келіп, Саид мұны тереңірек қарау қажет дейді: европалық немесе америкалық автордың жеке тұлғасы саяси жағынан алып қарағанда өздігінен пайда болмайды, ол осы мемлекеттің мүддесіне сай қызмет ететін мәдениеттің ықпалы арқылы қалыптасады. Европалық болсын, америкалық болсын, Шығысты зерттеуші ғалым немесе ол жайлы кез келген шығарма жазатын автор Саидтің ойынша Шығысқа ешқашан Шығыс адамының көзімен қарай алмайды, бұл мүмкін де емес, ол тек Батыстық тұрғыдан қарай алады, ал оның бұл көзқарасын оның өзі өмір сүретін саяси қоғам қалыптастырады. Бұл айтылғандарды ол былай деп түйіндейді:

«Ориентализм – бұл тек мәдениетте, ғылыми зерттеулерде, құрылымдарда пассив түрде көрініс тауып қоя салатын саяси пән немесе сала ғана емес, сондай-ақ бұл тек Батыстың Шығысты тұншықтыруды көздейтін жағымсыз (астыртын) келісімінің көрінісі де емес. Бұл, шындығында, геосаяси білімді, ұғымды ғылымға: эстетикалық, ғылыми, экономикалық, әлеуметтік, тарихи және филологиялық мәтіндерге енгізу; бұл тек базалық географиялық тұрғыдан Шығыс, Батыс болып бөлінуді ары қарай таратып түсіндіріп қана қою емес, бұл оны туындатып қана қоймай, әрі қолдап отыратын ғылыми жаңалықтар, филологиялық қайта құру, психологиялық талдау, шынайы немесе социологиялық сипаттаулар арқылы тұтастай «мүдделердің» ажырауын да түсіндіру; ориентализм – бұл мүлде басқа, өзге әлем болып табылатын әлемді түсінуге, кейбір жағдайда бақылауда ұстауға, манипуляциялауға, тіпті өзіне енгізуге (қосып алуға) бағытталған нақты мақсат немесе әрекет (сөз емес); түптеп келгенде бұл саяси билікпен тікелей байланысы жоқ, бірақ, биліктің әр түрімен түрлі (әділетсіз) байланысқа түсіп, осы байланыс арқылы пайда болып, осы арқылы саяси билікпен (отарлық немесе империалистік құрылым), интеллектуалды билікпен (салыстырмалы тіл білімі, анатомия немесе кез келген қазіргі заманғы саяси ғылымдар), мәдени билікпен (дәстүр, талғам, мәтіндер, құндылықтар), моральдық (бұл «біздің қолымыздан келеді», ал «олардың» қолынан келмейді, себебі, «олар» мұны біздің қалай істейтінімізді білмейді де, түсінбейді де» деген түсінік) билікпен байланыс арқылы қалыптасатын дискурс. Сондықтан мен ұсынатын дәйек: ориентализм –



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 4. Ориентализм – саяси-зияткерлік мәдениеттің маңызды өлшемі ретінде. Эдвард Саидтің «білім» жайлы көзқарасы

бұл қазіргі заманғы саяси-зияткерлік мәдениеттің маңызды өлшемі (бөлігі) және өзінің осы сипатында «біздің» әлемге қарағанда Шығыспен аз байланысқа түседі. Ориентализм мәдени және саяси шындық болғандықтан, ол қандай да бір мұрағатта, жабық жатқан жоқ, мүлде керісінше, Шығыс жайында айтылып, жазылып, тіпті істеліп жатқанның барлығы белгілі, әрі зияткерлік тұрғыдан маңызды бағыттарға қатысты екенін көрсетуге болады дейді.

Бұдан Саидтің Шығыс жайлы білімнің мазмұны саяси тұрғыдан белгіленеді және ол Батыста, ең алдымен оның мәдениетінде таралып жатқан интеллектуалдық/зияткерлік, сыни, экономикалық, саяси ойға тәуелді деп санайтыны айқын көрінеді. Ол бұл жерде Батыстың Шығыс туралы білімі оның өзінен, өзі жайлы білімінен басталуы керек деп санайды. Басқа сөзбен айтқанда Батыс Шығысты оқып-зерттегенде алдымен оны қандай жолмен, қалай және не үшін оқып-зерттейтінін анықтап алуы қажет. Батыстың Шығыс туралы жинаған білімі кімге, қандай мақсатпен қызмет етеді? Бұл сұрақтардың жауабы тек Шығыс қана емес, Батыстың өзі үшін маңызды деп санайды. Себебі сол арқылы Батыс білімінің, яғни оның өзінің жалпы әлем алдындағы жауапкершілігі мен беделі анықталады.

Саидтің саясат пен білімнің арақатынасы, Батыстың Шығыс жайлы зерттеулерінің әдісі жайлы пікірі белгілі бір қоғам немесе мемлекет қана емес, жалпы алғанда ғылым үшін маңызды мәселе. Бұл жерде автор-мәтін, автор-қоғам мәселелері айқын көтеріліп тұр.

Тек Батыста ғана емес, кез келген ғылымда, әсіресе, гуманитарлық ғылым аясында кез келген ғылыми еңбек немесе шығарма белгілі бір қоғамда, белгілі территорияда және тарихи кезеңде дәл сол қоғамның дәл сол кезеңде ұстанып отырған саясаты мен таратып отырған идеологиясының аясында жарыққа келеді. Автор өзінің еңбегін немесе шығармасын нақты бір мақсатпен жазады. Ол мақсат сол қоғамның қажеттілігінен туындайды. Кез келген автор – ол белгілі бір қоғамның, әлеуметтік, экономикалық, мәдени ортаның өкілі. Сол арқылы оның зерттеуі, туындысы тарихта ол өмір сүріп жатқан орта мен мәдениеттің өнімі ретінде танылады. Басқаша айтқанда қандай да бір автордың еңбегі арқылы қоғам сол еңбектің мазмұнымен ғана емес, сол еңбек жазылған мәдениет, ғылым қалай дамығанымен және олар үшін не маңызды болғанымен де танысады, яғни белгілі бір тарихи кезеңде және территорияда жазылған еңбек – басқа, кейінгі кезеңге, басқа территорияға білім жеткізуші құрал. Ал ол білімнің мазмұны жоғарыда айтылған әл-Фарабидің «тәрбиесіз берген білім адамзаттың қас жауы» деген қанатты сөзінің мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Эдвард Саидтің «таза» және саяси білім жайлы пікірі де осыдан туындаған.

Э. Саид Батыс авторлары Шығыс жайлы білім бергенде түпкілікті қате, жалған көзқарасты ұстанды деп сынады. Оларды Шығыстың өзіне тән шынайы келбетін, рухани әлемін, құндылықтарын өрескел түрде бұрмалады деп айыптады. Оның пікірінше, Европа ғалымдары Шығысқа қатысты негізінен мәдениет пен білімі тұрғысынан алғанда әлсіз, ертеде жазылған діни мәтіндерге асыра мән берілген, Шығыс Батыстың даму деңгейінен көп артта қалды деген пікірді кең таратып, шығыс адамы инертті, яғни білімге ғана емес, жалпы тұрмысында, әрекетінде баяу, жалқаулыққа, бойкүйездікке, озбырлыққа бейім, Шығыс Батыс үшін үлкен қауіп деген стереотип қалыптастырды.

Саид Батыс Шығысты жаулап алып отарына айналдыруы үшін өз саясатында білім, ақпарат таратуды тиімді пайдаланғанын айтады: Батыс ғылыми зерттеу, оқу-білім, өнер, әсіресе БАҚ арқылы Шығыс адамын жауыз, жабайы, ұлтшыл, қанішер, экстремист, діни фанат образында сипаттады. Европа авторларының еңбектерінде Батыс тұрғындары биік ойлы, мәдениетті, білімді адам ретінде, ал Шығыс адамы қараңғы, варвар, озбыр, жауыз етіп көрсетілді.

Батыс Шығыс адамының бейбітшілік жолындағы күресін, Шығыс адамына тән қасиеттер – қайырымдылық, жомарттық, ержүректік, шыдамдылық, қайсарлық, қонақжайлық, шешендік, сезімталдық сияқты мінездерін насихаттамады.

Көркемөнердің қай саласында болса да осы стереотип берік орнады. Мысалы, суретшілер өз картиналарында шығыс тұрғындарын бірде кальян немесе құмырадағы шарап ыдыстарының жанында, толық денелі, ебедейсіз кейіпте, бірде қантөгіске құмар аңшы, тағы бірде гаремнің қожайыны ретінде бейнеледі. Олардың шығыс адамы жайлы туындысы міндетті түрде күлкі тудырып, көңіл көтеруі тиіс болды. Мұның барлығы Батыстың Шығыстың дамудан, зиялылықтан алыс екендігін насихаттауды мақсат еткен идеологиясының көрінісі еді.



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 4. Ориентализм – саяси-зияткерлік мәдениеттің маңызды өлшемі ретінде. Эдвард Саидтің «білім» жайлы көзқарасы

Осылайша Саид ориентализм арқылы Батыс империализмін өткір, ашық сынады. Саидтің бұл сыни көзқарасы оның жоғарыда айтылған «таза, шынайы» білімге қойылатын талабымен байланысты. Білім (мәлімет) анық, түсінікті, толық болуы керек, сонда ол шынайы, дұрыс, пайдалы білім болады. Ал зерттеу арқылы жинақталған жүйелі білім біртіндеп ғылым болып қалыптасады. Қазақ тіліндегі «білім» мен араб тіліндегі «ғылым» түбірлес сөздер. Ғылым (араб.: علم (ілім) – білім, тану; лат. scientia – білім) – ақиқат жайлы объективті білімдерді жетілдіру мен жүйелеуге бағытталған адам іс-әрекетінің саласы. Ол қоғамды дамытуға қызмет етеді.

Ғылым адамзат қоғамының ерте дәуірінен, адам баласының танымдық және өндірістік қажеттілігінің арасы ажырамай тұрған кезеңнен бастау алады. Қазіргі заманғы ғылымның негізгі ошақтары Ежелгі Шығыста (Бабыл, Мысыр, Үндістан, Қытай) қалыптасқаны, алғашқы нышандары Шығыста болғаны белгілі. Оның алғышарты ретінде мифологияны атауға болады. Адам баласы өзінің жаратылысын, қоршаған ортамен байланысын, табиғат ерекшеліктерін түсіну үшін мифтерді тудырды. Миф адам баласының білім мен ғылымға жасаған алғашқы қадамы. Бірақ танымның бұл формасы өзінің діни-антропоморфты сипатына байланысты нағыз ғылымнан алшақ болды.

Мифологияға қарама-қарсы теориялық жүйе біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырда Ежелгі Грекияда пайда болды. Ежелгі Грекияда дамыған ғылым қоғам мен табиғат заңдылықтарын ашып, мәдениет тарихында ұлы рөл атқарды; Оның атасы Аристотель «бірінші ұстаз» аталды. Грек ойшылдары ғылымның ерекше тәсілі – дәлелдеу негізін қалыптастырды. Осы дәуірде білімнің кей салалары қарқынды дамып даралана бастады. Бөлініп шыққан жеке ғылым салалары қатарында геометрияны (Эвклид), механиканы (Архимед), астрономияны (Птолемей) атауға болады.

Орта ғасырларда ғылымның дамуына Шығыс, араб елдері, Орта Азия ғалымдары (әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Ибн Рушд, Бируни, Махмұд Қашғари, Йүгнеки т.б.) елеулі үлес қосты. Олар Ежелгі Грекияда қалыптасқан ғылыми таным жетістіктерін сақтап қана қойған жоқ, оны көптеген салаларда толықтырып, дамытты. Орта ғасырларда араб елдері мен ислам діні тараған басқа да аймақтарда философия, медицина, эстетика, математика, астрономия, т.б. ғылым салалары күрт дамып, бұл құбылыс кейін «Мұсылман Ренессансы» деп аталды. Мысалы, Араб халифатының астанасы Бағдадта сол заманның ғылымы мен білімінің орталығы «Бейтул-Хикма» (Даналық үйі) болды, онда ғалымдар ежелгі грек ғылымының барлық жетістіктерін араб тіліне аударып, ғылымның ерекше формасы, «фәлсафаны» қалыптастырды. Алхимия табиғи заттар мен қоспаларды тәжірибе жасау арқылы зерттеп, химияның қалыптасуының алғышартын жасады. Астрология аспан денелерін зерттеу арқылы астрономияның дамуына ықпал етті.

Саид сол себепті «ғылым мен дамудың қайнар көзі өздері, Батыс», «әлем Қайта өрлеу ғылымының арқасында өркендеді» деген европоцентристік көзқарасқа қарсы шыққанда Батыс қоғамының Шығыстың адамзат тарихындағы осы рөлін назардан тыс қалдырып, оны тек әлсіз, кем жағынан сипаттайтынын алға тартады. Расында ғылым XVI–XVII ғасырларда Қайта өрлеу дәуірінде Батыста дамығанын білеміз. Оның жетістіктері адамзат дамуына түбегейлі өзгеріс әкелгені белгілі.

Қайта өрлеу дәуірінде діннің басымдылығы әлсіреп, ғылым рухани өмірдің дербес факторына, дүниетанымның (Леонардо да Винчи, Николай Коперник) негізгі тірегіне айналды. Ғылымда болған терең өзгерістер алғашқы ғылыми революцияға (Галилео Галилей, Иоганн Кеплер, Уильям Гарвей, Рене Декарт, Христиан Гюйгенс, Исаак Ньютон және т.б.) алып келді. Атап айтқанда, механикада әлемнің механикалық бейнесі туралы түсінік жасалды. Физика, химия салаларымен бірге биология күрт дамыды. Адам тұтас организм ретінде қарастырылып (Жюльен Ламетри), энергияның сақталуы мен айналуы заңы ашылды (Роберт Майер, Джеймс Джоуль, Герман Гельмгольц), клетка теориясының тұжырымы жасалып (Теодор Шванн, Маттиас Шлейден) барлық тірі организмдердің біртекті құрылымы көрсетілді. Чарльз Дарвиннің эволюциялық ілімі пайда болды. Элементтердің периодтық жүйесі (Дмитрий Менделеев) жасалды.

XIX ғасырдың ортасында әлеуметтік дамудың ғылыми теориясын жасау үшін әлеуметтік-экономикалық, философиялық және жалпы ғылыми жағдай қалыптасты; Физика саласында



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 4. Ориентализм – саяси-зияткерлік мәдениеттің маңызды өлшемі ретінде. Эдвард Саидтің «білім» жайлы көзқарасы

бірқатар ғылыми жаңалықтар (электрон, радиоактивтілік, т.б.) ашылды, жаңа ғылыми революция (Макс Планк, Альберт Эйнштейн, Нильс Бор) жасалды.

Бұл ғылыми ашулар Шығыстың ежелгі және ортағасырлық ғылыми жетістіктерін өз көлеңкесінде қалдырғаны түсінікті. Батыс Шығыс ғалымдарының Европа ғылымына алғышарт болған еңбектерін насихаттамады.

Бұл айтылғандар неміс саяткері Антон Дрекслердің «Тарихты жеңімпаздар жазады, сондықтан онда жеңілгендер туралы айтылмайды» дегенін еске салады.

Қорыта келгенде, білім мен ғылым жоғарыда айтылғандай, қоғамды дамыту үшін, адам игілігі үшін қызмет етуі керек. Ақиқат ғылым – ол адамзат игілігі, оның ұлты, нәсілі болмайды. Ал қандай да бір жүйенің саяси мүддесі үшін берілген білім немесе ғылым ол шынайы, таза емес. Бұл жалпыға ортақ қағида, Эдвард Саид соны талап етеді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Білімнің қоғам өмірінде алатын орны қандай?
2. Батыс Шығыс жайлы қандай білім қалыптастырды?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Білім, ғылым, мәдениеттің өзара байланысын талдаңыз.
2. «Мәдени империализм» атауына талдау жасаңыз.
3. «Мұсылман Ренессансы» ұғымын түсіндіріңіз.
4. Европадағы «Қайта өрлеу» жайлы баяндаңыз.

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Э. Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. <https://kk.wikipedia.org/wiki>.
4. Адам Мец, Мусульманский Ренессанс. М, 1973. – 473 с.
5. <http://viticodevagamundo.blogspot.com>.